

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы..... 2	Пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан 4
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 6	Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан 19
«Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы..... 32	О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 20 марта 2003 года № 2 «О применении судами некоторых норм гражданского процессуального законодательства»..... 39
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары 46	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан 46
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының қаулылары 58	Постановления специализированной судебной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан 58
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары 63	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан 63
<i>Сот практикасын қорыту</i>	
Банк заем шартынан туындайтын азаматтық істерді карау кезіндегі даулар бойынша сот практикасын қорыту 71	<i>Обобщение судебной практики</i>
	Обобщение судебной практики рассмотрения гражданских дел по спорам, вытекающим из договоров банковского займа 71

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

2016 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қайрат Мәми Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кезекті жалпы отырысын өткізді.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, Ғылыми-консультативтік кеңес мүшелері, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар атынан – Бас прокурордың орынбасары А.Кравченко, Конституциялық Кеңестің мүшесі Ү.Шапақ қатысты.

Күн тәртібінде «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулының жобасына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды талқылау, Жоғарғы Сот жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңес мүшелерінің құрамын бекіту және Павлодар облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Б.Тілеубаевтың Павлодар облыстық соты жалпы отырысының қорытындысына қатысты шағымын қарау туралы мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша қаулы жобасын қарау алдында Жоғарғы Сот Төрағасы Қ.Мәми оған енгізілетін түзетулер Дүниежүзілік банк рейтингісінің 2016-2017 жылдарға арналған индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың кешенді жоспарына сәйкес дайындалғандығын және сот істерін қараудың тиімділігі индексі бойынша «Сот ісін жүргізудің сапасы» көрсеткіші («Дуинг Бизнес» рейтингісі бойынша) шеңберінде заңнаманы түсіндіруге бағытталғандығын атап өтті.

«Бұл ел экономикасына капиталды инвестициялау процесіне және тұтастай алғанда оның даму деңгейін бағалауға өз әсерін тигізетін маңызды фактор болып табылады», - деді Қ.Мәми. Ол Қазақстанның өткен жылы «Дуинг Бизнес» рейтингісінде көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсарғандығы (әлемдегі 189 мемлекеттің ішінде 53-орыннан 41-орынға көтерілгендігі) туралы айтты. «Келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету» индикаторы бойынша Қазақстанның сот жүйесі 5 позицияға, яғни 14-орыннан 9-орынға алға жылжыды. Сондай-ақ Қазақстан рейтингісінің одан әрі жақсаруы бойынша жұмыстың жалғасуы Мемлекет басшысының Ұлт Жоспарында белгілеген стратегиялық міндеттерге, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі республикалық және ведомстволық жоспарларға байланысты болып табылады.

Нормативтік қаулының жобасы бойынша баяндама жасаған Жоғарғы Соттың судьясы Марина Боровик жобаның жаңа редакциядағы Азаматтық процестік кодекстің қабылдануына байланысты әзірленгендігін атап өтті.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Азаматтық процестік кодекстің (АПК) қолданысқа енгізілуіне байланысты тиісті нормативтік қаулыға редакциялық

сипаттағы өзгерістер енгізу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау қажеттілігі туындады.

Жаңа АПК-да істі сот талқылауына дайындау мерзімдері ұлғайтылғандығы, сондай-ақ іске қатысқан тараптар мен адамдар шақырылатын даярлықты өткізу нәтижесі бойынша алдын ала сот талқылауы түсінігі енгізілгендігі бәріне мәлім. Бұл судьяға істі сот талқылауына барынша толық және сапалы дайындауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты сөзбұйданы және сот талқылауын негізсіз ұзартуды болдырмау үшін нормативтік қаулыда талап бойынша жауапкерге талап арызға пікірін істі сот талқылауына дайындау үшін белгіленген мерзім шеңберінде беру қажеттілігін тура көрсету ұсынылды. Редакциялық және процестік сипаттағы бірқатар өзгерістер енгізілді.

Екінші мәселе бойынша Қ.Мәми Ғылыми-консультативтік кеңес мүшелерінің дербес құрамының тізімін бекітуді ұсынды.

Аталған құрылымның үш секциясының құрамына 25 адам ұсынылды. Олардың ішінде заң ғылымдарының докторлары, профессорлар Ескендір Жанайдаров, Исидор Борчашвили, Талғат Сәрсенбаев, Роман Подопригора бар. Қауымдастырылған мүше ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы, Б.Бейсенов атындағы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясы, Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы енді.

Үшінші мәселе бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы алғашқы рет Павлодар облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Б.Тілеубаевтың облыстық сот судьясының бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатысу үшін ұсынымды беруден бас тарту туралы Павлодар облыстық соты жалпы отырысының қорытындысына шағымын қарады.

Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулының жобасын талқылап, оны қабылдауға және Жоғарғы Сот жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңес мүшелерінің құрамын бекітуге бірауыздан дауыс берді, сондай-ақ судья Б.Тілеубаевтың шағымын негізсіз деп таныды.

Редакциялық алқа

Пленарное заседание Верховного Суда

20 мая 2016 года Председатель высшего судебного органа Кайрат Маами провел очередное пленарное заседание Верховного Суда.

В работе пленарного заседания приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены Научно-консультативного совета, от заинтересованных государственных органов – заместитель Генерального прокурора А.Кравченко и член Конституционного Совета У.Шапак.

На повестке дня – обсуждение изменений и дополнений, вносимых в проект нормативного постановления «О применении судами некоторых норм гражданского процессуального законодательства», утверждение состава Научно-консультативного совета при Верховном Суде и рассмотрение жалобы судьи Специализированного межрайонного суда по уголовным делам Павлодарской области Б.Туллубаева на заключение пленарного заседания Павлодарского областного суда.

По первому вопросу. Предваряя рассмотрение проекта постановления, Председатель Верховного Суда К.Маами отметил, что поправки в него подготовлены в соответствии с Комплексным планом мер по улучшению индикаторов рейтинга Всемирного банка на 2016-2017 годы и направлены на разъяснение законодательства в рамках показателя «Качество судопроизводства» по индексу эффективности рассмотрения судебных дел (по рейтингу «Дуинг Бизнес»).

«Это весьма важный фактор, который влияет на процесс инвестирования капитала в экономику страны и на оценку его уровня развития в целом», - подчеркнул К.Маами. Он напомнил о существенном улучшении показателей Казахстана в рейтинге «Дуинг Бизнес» в прошлом году (с 53 на 41 место среди 189 государств). По индикатору «Обеспечение исполнения контрактов» судебная система Казахстана продвинулась на 5 позиций, с 14 на 9 место в мире. Также было отмечено, что продолжение работы по дальнейшему улучшению рейтинга Казахстана обусловлено стратегическими задачами, установленными Главой государства в Плате Нации, а также республиканским и ведомственными планами по его реализации.

Докладывая по проекту нормативного постановления, судья Верховного Суда Марина Боровик отметила, что он подготовлен в связи с принятием Гражданского процессуального кодекса в новой редакции.

В связи с введением в действие с 1 января 2016 года нового Гражданского процессуального кодекса (ГПК) возникла необходимость своевременного принятия мер по внесению изменений редакционного характера в соответствующее нормативное постановление.

Как известно, новым ГПК увеличены сроки подготовки дела к судебному разбирательству, а также введено понятие предварительного судебного разбирательства по результатам проведения подготовки, на

которое вызываются стороны и лица, участвующие в деле. Это позволяет судье максимально полно и качественно подготовить дело к судебному разбирательству. В этой связи для исключения волокиты и необоснованного затягивания судебного разбирательства предложено в нормативном постановлении прямо указать на необходимость предоставления ответчиком по иску отзыва на исковое заявление в пределах срока, установленного для подготовки дела к судебному разбирательству. Внесен ряд изменений редакционного и процессуального характера.

По второму вопросу. К.Мами внес на утверждение список персонального состава Научно-консультативного совета.

В составы трех секций данной структуры предложены 25 человек, среди них кандидатуры докторов юридических наук, профессоров Искандера Жанайдарова, Исидора Борчашвили, Талгата Сарсенбаева и Романа Подопригоры. В качестве ассоциированных членов включены Академия правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахский гуманитарно-юридический университет, Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре, Карагандинская академия Министерства внутренних дел им. Б. Бейсенова, Евразийская юридическая академия имени Д.А. Кунаева.

По третьему вопросу. Впервые пленарное заседание Верховного Суда рассмотрело жалобу судьи Специализированного межрайонного суда по уголовным делам Павлодарской области Б.Туллубаева на заключение пленарного заседания Павлодарского областного суда об отказе в предоставлении рекомендации для участия в конкурсе на занятие вакантной должности судьи областного суда.

Участники пленарного заседания, обсудив проект нормативного постановления, единогласно проголосовали за его принятие, утверждение состава Научно-консультативного совета при Верховном Суде, а также признали жалобу судьи Б.Туллубаева необоснованной.

Редакционная коллегия

**Соттардың азаматтық іс жүргізу
заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2003 ж. 20 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысы
(2016.20.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)**

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен кіріспе өзгертілді

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) кейбір нормаларының өзгеруіне және оларды сот практикасында біркелкі қолдану қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

Қаулы етеді:

1. Заңдылық принципіне және әділеттілік пен парасат өлшемдеріне жауап беретін сот актісін (шешімді, ұйғарымды, қаулыларды, сот бұйрығын) шығару мақсатында әрбір азаматтық істі қарау кезінде материалдық және процессуалдық құқық нормаларын мүлтіксіз сақтаудың қажеттілігіне соттардың назары аударылсын.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 2-тармақ өзгертілді

2. АПК-нің 148-бабына сәйкес, талапкерлер талап арыздарында тек талаптарын көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге олардың құқықтарының, бостандықтарының немесе заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуының немесе бұзылу қаупінің мәнін, өз талаптарын негіздеген мән-жайларды жан-жақтылы баяндауға, сондай-ақ осы мән-жайлар мен талаптарды растайтын дәлелдемелерді келтіруге міндетті.

Прокурордың мемлекеттің немесе қоғамның не азаматтың мүддесін көздеп қойған талаптары АПК-нің 148-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

АПК-нің 151, 152, 272, 273, 277, 279-баптарында көрсетілген талап арызды қабылдаудан бас тартудың не талап арызды талапкерге қайтарудың немесе қараусыз қалдырудың, ал қозғалған азаматтық іс бойынша өндірісті тоқтата тұрудың не қысқартудың негіздері түпкілікті болып табылады.

3. ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен алып тасталды

ҚР Жоғарғы Сотының 2006.23.06. № 5 нормативтік қаулысымен 4-тармақ өзгертілді

4. ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен алып тасталды

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05 № 3 нормативтік қаулыларымен 5-тармақ өзгертілді

5. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асыру кезінде қабылданған прокурорлық қадағалау актілерін (ескерту, ұсыныс, наразылық және т.б.) даулау туралы азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздары АПК-нің 3 және 29-тарауларында қарастырылған нормалар бойынша соттардың қарауына жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 6-тармақ өзгертілді

6. АПК-нің 47-бабының екінші бөлігіне сәйкес, заңнамалық актілермен көзделген жағдайларда заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдар да іс бойынша тараптар бола алады (мысалы, АПК-нің 286-бабына сәйкес - аумақтық сайлау комиссиясы).

Қазақстан Республикасынан тыс жерде тиісті шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаларды (компанияларды, фирмаларды, кәсіпорындарды және т.б.) шетелдік ұйымдар деп түсіну қажет. Қазақстан Республикасының аумағында оның заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік инвесторға толығымен тиесілі кәсіпорындар мен бірлескен кәсіпорындар шетелдік ұйымдар болып табылмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05 № 3 нормативтік қаулыларымен 7-тармақ өзгертілді

7. АПК-нің 34-бабының екінші бөлігінің 1), 3), 4), 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, істерді бір соттың өндірісінен екінші соттың өндірісіне беру заңды күшіне енген сот ұйғарымының негізінде жүргізіледі. Тараптардың осындай ұйғарымдарға жазған жеке шағымдарын апелляциялық сатыдағы сот қарайды.

АПК-нің 34-бабының екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген негіз болған жағдайда жоғары тұрған соттың судьясы іске қатысушы адамдарды істің қаралатын орны мен уақыты туралы хабардар етпестен, істі нақтылы бір соттың қарауына беру туралы жеке-дара ұйғарым шығарады.

Соттар арасында нақтылы істің соттылығы туралы дау туындаған жағдайда жоғары тұрған соттың судьясы іске қатысушы адамдарды оның қаралатын орны мен уақыты туралы хабардар етпестен және соттың істі басқа соттың өндірісіне жіберу туралы ұйғарымын бұзбай, істің нақтылы қай соттың қарауына жататыны туралы ұйғарым шығарады.

Апелляциялық саты сотының ұйғарымы және жоғары тұрған соттың судьясының істің қай соттың қарауына жататыны туралы ұйғарымы шағымдануға, наразылық келтіруге жатпайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05. №3 нормативтік қаулыларымен 8-тармақ өзгертілді

8. Сотта талапкерлер мен жауапкерлердің мүдделерін олардың заңды өкілдері және сенімхатта көрсетілген адамдар (тапсырма бойынша өкілдік алғандар) білдіре алады.

АПК-нің 58-бабының 6) тармақшасына сәйкес, сот өкілдер ретінде қатыстыратын басқа адамдар деп осы баптың 1), 2), 3), 4), 5) тармақшаларында аталмаған, бірақ жоғары заң білімі бар және жазбаша сенімхат негізінде тараптардың мүдделерін білдіретін адамдар танылады. Сот жоғары заң білімі бар басқа адамдарды да іске қатысушы адамның (сенім білдірушінің) сот отырысының хаттамасына енгізілген ауызша өтініші бойынша сотқа қатыстыруы мүмкін.

Өкілдің сенімхатында АПК-нің 60-бабының бірінші бөлігінде көзделген процессуалдық іс-әрекеттердің ішінен өкілдің сотта сенім білдірушінің атынан жасайтын іс-әрекеттері көрсетілуге тиіс.

Егер өкілге берілген сенімхатта оның нақтылы өкілеттіктері көрсетілмесе, онда өкіл АПК-нің 60-бабының бірінші бөлігіне сәйкес берілуге тиіс өкілеттіктерден басқа процессуалдық іс-әрекеттерді жасауға (іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, өтініштер білдіруге, даудың мәні бойынша түсіндірмелер беруге және т.б.) құқылы.

Заң консультациясы немесе жеке адвокаттық кеңсе берген ордер адвокатқа заңгерлік көмек көрсетуді өтінген клиенттің мүддесін сотта қорғау (іс материалдарымен танысу, олардан үзінділер жасау, өтініштер білдіру, даудың мәні бойынша түсіндірмелер беру және т.б.) құқығын береді, бірақ сенімхаттың орнына жүрмейді және адвокатқа АПК-нің 60-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген процессуалдық іс-әрекеттерді жасау құқығын бермейді.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 9-тармақ өзгертілді

9. Сот істі сот талқылауына дайындау кезінде, сондай-ақ істі мәні бойынша нақты қарау барысында да нені дәлелдеу қажеттігін айқындап алуы керек.

Соттар дәлелдемелерді бағалау және тараптарды дәлелдеуден босату туралы мәселені шешу кезінде АПК-нің 73-бабының тоғызыншы бөлігінде, 79-бабының екінші бөлігінде және 82-бабының сегізінші бөлігінде көрсетілген нормаларды ескеріп отырулары қажет.

АПК-нің 63,64,65,66,67,68,69,70,71,72,73-баптарына сәйкес, соттар сот отырысында даудың мәніне тікелей қатысы бар және істің мән-жайын анықтау, тараптардың дауының мәні бойынша уәждерін растау немесе теріске шығару үшін жеткілікті болып табылатын дәлелдемелердің ғана зерттелетінін назарда ұстаулары қажет.

Істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиісті мән-жайы ешқандай да басқа дәлелдемелермен расталуға тиіс емес (мысалы, егер мәміленің нақты жағдайлары бойынша дау туындайтын болса, ол келісім-шартпен дәлелденеді).

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 10-тармақ өзгертілді

10. АПК-нің 158-бабына сәйкес, АПК-нің 156-бабының бірінші бөлігінде аталған талаптарды іске асыру жөніндегі шараларды қолдану туралы ұйғарымдар сот шешімдерін орындау үшін көзделген тәртіппен дереу шешілуге жатады.

Мына төмендегі жағдайларда:

а) жауапкердің банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда сақталып жатқан ақшасына немесе өзге де мүлкіне тыйым салу туралы сот ұйғарымдарын банктер немесе осындай ұйымдар өздері тікелей орындайды;

б) АПК-нің 156-бабының бірінші бөлігінің 2), 3), 4), 6) тармақшаларында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін қабылданған сот ұйғарымдары ондағы шараларды сақтауға міндетті жаққа белгіленген іс-әрекеттерден тартыну үшін сол адамға қолы қойдырылып тапсырылады;

в) АПК-нің 156-бабының бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйғарымдарды мемлекеттік органдар немесе дауланып отырған актіні шығарған ұйым немесе лауазымды адам орындайды. Егер шағымдалып отырған акт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, онда соттың осы актінің күшін тоқтата тұру туралы ұйғарымы бұқаралық ақпарат құралының кезекті санында талапкердің есебінен жариялауға жатады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулыларымен 11-тармақ өзгертілді

11. Заңды тұлғалар, заңды тұлғаны құрмастан кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтар (жеке кәсіпкерлер) араларында туындаған талаптың бағасына қарамастан мүліктік және мүліктік емес даулар жөніндегі, сондай-ақ корпоративтік даулар жөніндегі азаматтық істер, соттылығы заңмен басқа сотта айқындалған істерден басқалары АПК-нің 27-бабына сәйкес, мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қарауына жатады.

АПК-нің 27-бабында көрсетілген корпоративтік дауларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық ұйымдар, коммерциялық ұйымдардың және (немесе) жеке кәсіпкерлердің қауымдастығы (одағы), өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесі бар коммерциялық емес ұйымдар және (немесе) оның акционерлері (қатысушылар, мүшелері, сондай-ақ бұрынғы) тараптары болып табылатын даулар жатады (АПК-нің 23-бабының 2-бөлігі). Ондай дауларға, атап айтқанда, акциялармен, қатысу үлестерімен мәміле жасасуға байланысты дауларды, серіктестіктерге қатысушылар, акционерлер арасында осындай серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар қызметінің мәселелері бойынша дауларды жатқызуға болады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 12-тармақ өзгертілді

12. Моральдық зиян немесе іскерлік абырой-беделге нұқсан келтірілгені үшін ақшалай түрде өтем жасау туралы талаптар қойылған кезде, АПК-нің

104-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасына және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес, егер талапкер заңнамаға сәйкес мемлекеттік баж төлеуден босатылмаса мемлекеттік баж алынатынына соттардың назары аударылсын. Осындай талаптар бойынша өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды өтеу туралы мәселені шешу кезінде соттар АПК-нің 113-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мұндай шығындар талап арыздың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауы қажет екендігі туралы талапты негізге алулары қажет.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. ж. № 3 нормативтік қаулысымен 12-1-тармақпен толықтырылды

12-1. АПК-нің 164-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, азаматтық істерді сот талқылауына дайындау, талап қою арызы қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың бұзылуынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты істерден басқа айрықша қиын істер бойынша ерекше жағдайларда және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін берілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша бір айға ұзартылуы мүмкін.

Көрсетілген мерзім шегінде сот бірқатар процестік әрекеттер жасайды, сондай-ақ жауапкерге талап қою арызына пікір ұсынуды сотқа беруге міндеттейді (АПК-нің 165-бабының бірінші тармағы). АПК-нің 166-бабының екінші бөлігіне сай, пікір сот отырысы басталғанға дейін онымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін сот белгілеген мерзімде ұсынылады.

АПК-де көрсетілген нормалар негізге алына отырып, пікір ұсыну мерзімін жауапкердің тұрғылықты немесе тұрған жері мен басқа да объективті себептерді негізге ала отырып, бірақ істі сот талқылауына дайындау үшін белгіленген мерзім шегінде сот белгілейтіні соттарға түсіндірілсін (АПК-нің 164-бабының бірінші бөлігі).

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. ж. № 3 нормативтік қаулысымен 13-тармақ өзгертілді

13. АПК-нің 198-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша істі қарау кейінге қалдырылған жағдайда, іс жаңа сот отырысында АПК-нің 189, 190 және басқа да баптарында белгіленген қағидалар сақтала отырып қаралады. Алдыңғы сот отырыстарында алынған құжаттар АПК-нің 208-бабында көзделген тәртіппен даудың мәні бойынша шешім шығарылатын сот отырысында жариялануға тиіс.

АПК-нің 198-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, егер сот іске қатысатын адамдардың қайсыбірінің келмеуі, АПК-нің 73-бабының қағидалары бойынша қосымша дәлелдемелерді ұсыну немесе талап ету қажеттілігі, АПК-нің 153-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда қарсы талап

қойылған кезде, өзге де процестік әрекеттер жасаудың қажеттілігі салдарынан істі осы сот отырысында қарау мүмкін емес деп тапса, істі талқылауды кейінге қалдыруға жол береді.

Кейінге қалдырудың жеткілікті негізділігін қамтамасыз ету үшін азаматтық істерді қарау барысында кейінге қалдырулар санының әдетте төрт реттен аспауға тиіс екені соттарға түсіндірілсін.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулыларымен 14-тармақ өзгертілді

14. Жауапкер бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарға жазбаша өтініш беру жолымен істі сот талқылауына дайындау кезінде немесе сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін талап қоюды толық немесе ішінара мойындауға құқылы.

Сот жауапкерге талапты мойындау туралы арыздың құқықтық салдарын түсіндіреді және жауапкерді талаптарды мойындауға мәжбүрлеу туралы қандай да бір мәліметтердің бар-жоғын анықтайды.

Егер жауапкер талап қоюды ішінара мойындаса, онда сот талқылауын өткізгеннен кейін және талап қоюды мойындауды сот қабылдаған соң барлық қойылған талаптар бойынша шешім қабылданады. Дәлелдемелерді зерттеу жауапкер талапты мойындамаған бөлікте ғана жүргізіледі. Алдын ала сот отырысында шешім қабылдау бөлігінде талап қою мойындалған кезде тараптардың уәждерін, дәлелдемелерді зерттеудің қажеттілігіне орай істі сот талқылауына тағайындау қажет.

АПК-нің 48-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жауапкердің талап қоюды толық немесе ішінара мойындауын қабылдау туралы не осындай мойындауды қабылдамау туралы соттың шешімінде немесе қаулысында көрсетіледі. Осы мәселе бойынша бөлек ұйғарым шығарылмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 15-тармақ өзгертілді

15. Біріктірілген талаптардың бірі қысқартылған мерзімде, екіншісі жалпы екі айлық мерзімде қаралатын болса, онда іс сотқа түскен күннен бастап екі айлық мерзім ішінде қаралады.

Азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы немесе өлді деп жариялау туралы істерді қараудың мерзімі тиісті хабарландыру жарияланған күннен бастап үш айлық мерзім аяқталған күннен бастап есептеледі. Осы орайда істі қарау мерзіміне сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап іс қозғалғаны туралы хабарландыру жарияланған күнге дейінгі мерзім кіреді.

Іс бойынша өндірісті қысқарту туралы шешім немесе ұйғарым не арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылған күн істің қаралу мерзімінің аяқталған күні болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. ж. № 3 нормативтік қаулысымен 16-тармақ өзгертілді

16. Егер борышкер сот бұйрығының көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде немесе оның шығарылғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап мәлімделген талапқа қарсылығын сотқа жолдаса, онда судья үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзім ішінде сот бұйрығының күшін жою туралы не сот бұйрығының күшін жоюдан бас тарту туралы ұйғарым шығаруға міндетті. Егер жауапкер осындай қарсылық беру мерзімін дәлелді себептер бойынша өткізіп алса, онда ол АПК-нің 126-бабына сәйкес қалпына келтірілуі мүмкін.

Егер бұзылған сот бұйрығы орындауға жіберілсе немесе орындау үшін өндірушіге берілсе, онда сот мұндай сот бұйрығын кері қайтарып алады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. ж. № 3 нормативтік қаулысымен 17-тармақ өзгертілді

17. Басталған сот отырысында АПК-нің 256-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер жиынтығы болған жағдайда ғана сот сырттай іс жүргізе алады.

АПК-нің 264-бабының бірінші бөлігі бойынша, істі қарау кезінде сот отырысына төрағалық еткен судьяны сырттай шешім шығарған сот деп түсіну қажет. Ерекше жағдайларда (судьяның қайтыс болуы, орнынан түсуі, демалысы, ұзақ уақыт бойы (10 күннен астам) еңбекке жарамсыздығы не іссапарда болуы) сырттай шығарылған шешімді бұзу туралы арызды осы соттың басқа судьясы қарауы мүмкін.

Егер жауапкер сот отырысына келіп, бірақ ол аяқталғанға дейін сот отырысы залынан өз бетімен шығып кетсе, онда сот істі қарауды жалғастыра алады. Мұндай жағдайда шығарылған шешім сырттай шығарылған шешім деп есептелмейді.

Егер жауапкердің алдыңғы сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеуіне байланысты істі талқылау талапкердің өтініші бойынша кейінге қалдырылса және жауапкер сот отырысына екінші рет келмесе, онда сот істі сырттай жүргізуге құқылы.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. ж. № 3 нормативтік қаулысымен 18-тармақ өзгертілді

18. АПК-нің 401-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, бірінші сатыдағы соттардың сот актілеріне тараптар мен іске қатысушы басқа да адамдар шағымдануы немесе прокурор апелляциялық тәртіппен наразылық келтіруі мүмкін.

Іске қатыстырылмаған адамдар, сот олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған жағдайда ғана апелляциялық шағым беруге құқылы.

ҚР Жоғарғы Сотының 2012.29.12. № 6, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулыларымен 19-тармақ өзгертілді

19. Сот шешіміне апелляциялық шағым (наразылық) беру үшін АПК-нің 403-бабының үшінші бөлігінде көзделген мерзімді АПК-де белгіленген

жағдайларды қоспағанда шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар үшін оларға шешімнің көшірмесі жолданған күннен бастап есептеу керек.

АПК-нің 264-бабына сәйкес сырттай шығарылған шешімге апелляциялық шағым берудің мерзімін есептеудің бір ерекшелігі, осындай шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күн өткеннен кейін, егер жауапкер сырттай шығарылған шешімді бұзу жөнінде арыз бермеген жағдайда ғана сырттай шығарылған шешімге апелляциялық шағым беріледі. Егер жауапкер осы мерзімнің ішінде сырттай шығарылған шешімді бұзу туралы арыз берсе, бірақ ол арызды бірінші сатыдағы сот қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарған күннен бастап бір айдың ішінде апелляциялық шағым берілуі мүмкін.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 20-тармақ өзгертілді

20. Мына сот актілеріне:

1) сот бұйрықтарына;

2) ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен алып тасталды;

3) ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен алып тасталды;

4) бірінші сатыдағы соттардың АПК-нің нормалары бойынша шағымдануға жатпайтын немесе істің одан әрі жылжуына кедергі келтірмейтін ұйғарымдарына апелляциялық тәртіпте шағым беруге (наразылық келтіруге) болмайды.

5) бірінші сатыдағы соттың шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасынан тыс шығарып жіберу туралы шешімдері.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 21-тармақ өзгертілді

21. Іске қатысушы адамдардың апелляциялық (жеке) шағым беру, наразылық келтіру мерзімін қалпына келтіру туралы арыздары бірінші сатыдағы соттың отырысында АПК-нің 126-бабымен белгіленген қағида бойынша қаралуға жатады.

Соттың апелляциялық (жеке) шағым беру, наразылық келтіру мерзімін қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарымына АПК-нің 429-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде шағым, наразылық келтірілуі мүмкін.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 22-тармақ өзгертілді

22. АПК-нің 412, 413-баптарына сәйкес, апелляциялық сатыдағы сот істегі бар және қосымша ұсынылған материалдар бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді.

Сот шешімін толық көлемде тексеру деп бірінші сатыдағы соттың іс бойынша нақтылы мән-жайларды дұрыс анықтауын, материалдық және

процессуалдық құқық нормаларын қолдануы мен түсіндіруін айқындау деп ұғыну қажет.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 23-тармақ өзгертілді

23. АПК-нің 198, 272, 273, 277, 279-баптарында көзделген негіздер бойынша апелляциялық сатының соты істі қарауды кейінге қалдыруға, іс бойынша өндірісті тоқтата тұруға немесе қысқартуға, арызды қараусыз қалдыруға құқылы. Сот бұл туралы тиісті ұйғарым шығарады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 24-тармақ өзгертілді

24. Жаңадан ұсынылған құжаттар мен материалдарды, егер осы құжаттар мен материалдар дәлелді себептермен бірінші сатыдағы сотқа ұсынылмаса немесе оларды алдырып, сот отырысында зерделеуге көмектесу туралы өтінішті бірінші сатыдағы сот қабылдамай тастаған жағдайда ғана апелляциялық сатыдағы сот өзінің қарауына қабылдауға құқылы.

Тараптың АПК-нің 72 және 73-баптарына сәйкес, бірінші сатыдағы сотқа кешірімсіз себептермен ұсынбаған дәлелдемелерді апелляциялық сатыдағы сотқа ұсынуы апелляциялық сатыдағы соттың оларды қабылдап, зерделеуіне мүмкіндік бермейді және мұндай жағдай тараптың процессуалдық олқылығы деп бағаланады. АПК-нің 404-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда дәлелдемелер апелляциялық сатыдағы сотқа ұсынылуы мүмкін.

25. Апелляциялық сатыдағы сот тараптардың жаңадан зерттеуге ұсынған дәлелдемелерінің негізінде, егер іске қатысушы басқа адамдар апелляциялық шағым (наразылық) жөнінде айтқан пікірлерінде немесе апелляциялық саты сотының отырысында осы дәлелдемелер бойынша өз ойларын білдірсе, мәлімделген талап шегінде жаңа фактілерді анықтай алады. Мұндай жағдайларда апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертеді немесе оны бұзып, іс бойынша жаңа шешім шығарады.

Апелляциялық сатыдағы сот толық, жан-жақтылы әрі объективті зерттелген азаматтық іс материалдарының негізінде іс үшін маңызы бар мән-жайларды қайтадан анықтап қана қоймай, сонымен бірге сол немесе басқа мән-жайлардың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы тұжырым жасауға, материалдық құқық нормаларын дұрыс қолдануға не заң ұқсастығы мен құқық ұқсастығын қолдануға құқылы.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5; 2012.29.12. № 6, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулыларымен 26-тармақ өзгертілді

26. Егер апелляциялық сатыдағы сот істі қарау кезінде бірінші сатыдағы соттың АПК-нің 427-бабының екінші бөлігінде көзделген талаптардың сақталмағандығы анықталса, онда бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерту немесе оны бұзу туралы қаулы шығарады немесе дау бойынша нақты шешім қабылдайды.

Апелляциялық сатыдағы сот сондай-ақ шешімді толық немесе оның бір бөлігінің күшін жойып, АПК-нің 277 және 279-баптарында көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқартуға не арызды қараусыз қалдыруға құқылы. Апелляциялық сатыдағы соттың көрсетілген негіздер бойынша шығарған ұйғарымдары кассациялық тәртіппен шағымдалуы және оларға наразылық келтірілуі мүмкін.

27. ҚР Жоғарғы Сотының 2012.29.12. № 6 нормативтік қаулысымен алып тасталды

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен 27-1-тармақпен толықтырылды, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 27-1-тармақ жаңа редакцияда

27-1. Апелляциялық шағым берген адам апелляциялық сатыдағы сот қаулы шығарғанға дейін одан бас тартуға немесе бірінші сатыдағы сотта оны кері қайтарып алуға құқылы. Прокурор наразылықты апелляциялық сатыдағы сот қаулы шығарғанға дейін кері қайтарып алуға құқылы.

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымнан бас тартуды қабылдау туралы ұйғарым шығарады, егер шешімге басқа адамдар шағым бермесе немесе жоғары тұрған прокурор наразылық келтірмесе апелляциялық іс жүргізу тоқтатылады (АПК-нің 409-бабының екінші бөлігі).

Шағым, наразылық кері қайтарылып алынған жағдайда сот оны қайтару туралы ұйғарым шығарады, ол шағымдануға және наразылық келтіруге жатпайды.

27-2. ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен алып тасталды

27-3. ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен алып тасталды

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен; 2012.29.12. № 6 нормативтік қаулысымен 28-тармақ өзгертілді, ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 28-тармақ жаңа редакцияда

28. АПК-нің 434-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының сот актілері тараптар және олардың өкілдері, іске қатысушы басқа да адамдар берген өтініштер бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін. АПК-нің 441-бабының екінші бөлігіне сай, іске қатысуға тартылмаған адамдар аталған сот актілеріне олардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселе шешілген жағдайларда ғана шағым беруге құқылы.

ҚР Жоғарғы Сотының 2008.22.12. № 19 нормативтік қаулысымен; 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен 29-тармақ өзгертілді, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 29-тармақ жаңа редакцияда

29. АПК-нің 436-бабының бірінші бөлігіне сай, шағымдалып отырған (наразылық келтірілген) сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап алты айдың ішінде өтінішхат берілуі (наразылық келтірілуі) мүмкін. Кассациялық өтінішхат берудің (наразылық келтірудің) алты айлық мерзімі сот актісі АПК-нің 431-бабында көрсетілген қағидалар бойынша заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Егер кассациялық сатыдағы сот заңды күшіне енген сот актілерін жаңа шешім шығарып өзгертсе немесе күшін жойса, онда мұндай қаулыға шағымдану мерзімі осы қаулы шығарылған күннен бастап есептеледі.

АПК-нің 442-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына және 444-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, алты айлық мерзім өткізіліп берілген және оны қалпына келтіру туралы өтінішхатсыз берілген өтінішхат оны берген адамға қайтарылады.

Егер шағым берудің өткізілген мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхат қоса тіркелген өтінішхатты қарау кезінде заңды күшіне енген сот актісін қайта қарау үшін АПК-нің 438-бабының бесінші бөлігінде көзделген негіздердің жоқтығы анықталса, онда АПК-нің 442-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына және 444-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес, өтінішхатты кері қайтару туралы қаулы шығарылады.

Егер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына кассациялық алқаға наразылық келтіру туралы өтінішхат алты айлық мерзім ішінде берілсе, бірақ прокурор наразылықты кешіктіріп келтірсе, кассациялық алқа заңда белгіленген мерзімді АПК-нің 436-бабының төртінші бөлігінің талабына сай қалпына келтіреді.

Егер алты айлық мерзім бұзылып берілген және оны қалпына келтіру туралы өтінішхаты бар өтінішхатты қараудың нәтижелері бойынша шағым берілген сот актілерін қайта қарау жөнінде кассациялық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығарылса, онда кассациялық сатыдағы сот осы мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені АПК-нің 450-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіпте сот отырысында қарайды. Прокурордың наразылық келтіру мерзімін қалпына келтіру туралы мәселені де кассациялық сатыдағы сот осындай тәртіппен қарайды. Кассациялық өтінішхат (наразылық) берудің дәлелсіз себептермен өткізіліп алынған мерзімі қалпына келтіруге жатпайды, ал өтінішхат (наразылық) қаралмай кері қайтарылады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 30-тармақ өзгертілді

30. АПК-нің 438-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға мүмкіндік беретін елеулі жолсыздықтарға АПК-нің 427-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген процессуалдық құқық нормаларын бұзу жатқызылады. Материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбау, егер сот осының нәтижесінде істі дұрыс шешпеген жағдайда ғана елеулі жолсыздыққа жатқызылуы мүмкін.

Мәні бойынша дұрыс қабылданған сот актісі кассациялық тәртіппен формальдық пайым тұрғысынан қайта қаралуға тиіс емес. Формальдық пайым тұрғысынан қайта қарау деп соттың істі қарау кезінде жіберген кемшіліктері АПК-нің 427-бабының төртінші бөлігімен қамтылмайтын немесе материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылмағанын көрсетпейтін іс-әрекеттер деп түсіну қажет.

Кассациялық сатысындағы сот бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттың зерттемеген, тарап ұсынған дәлелдемелердің негізінде заңды күшіне енген сот актісін өзгертуге немесе бұзуға құқылы емес. Тиісті негіздер болған жағдайда мұндай сот актісі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін.

ҚР Жоғарғы Сотының 2012.29.12. № 6, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулыларымен 31-тармақ өзгертілді

31. АПК-нің 35-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, кассациялық сатысындағы соттың алқа құрамы барлық жағдайда да тақ санды (кем дегенде үшеу) судьялардан тұруы керек.

АПК-нің 427-бабында көрсетілген процессуалдық құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуының тізбесі түпкілікті болып табылатындықтан, кассациялық сатысындағы соттың істі судьялардың жұп санынан тұратын алқалы құрамда қарауы соттың осындай құрамы шығарған қаулыны бұзуға әкеп соқтырмайды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 32-тармақ өзгертілді

32. Іс бойынша шығарылған сот актілерін бұзып, бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберілген сот актісіне өтінішті беру процессуалдық іс-әрекет болып табылады. Ұсыныс енгізу немесе наразылық келтіру құқығын иеленген лауазымды адамдар осындай істі сұратқан жағдайда, бірінші сатыдағы сот АПК-нің 198-бабына сәйкес, өтініш бойынша шешім қабылданғанға дейін оны қарауды кейінге қалдырады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2008.22.12. № 19 нормативтік қаулысымен 33-тармақ жаңа редакцияда; 2011.30.12. № 5, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 33-тармақ өзгертілді

33. Өтініш бойынша келіп түскен азаматтық іс соттан сұратып алдырылған жағдайда ғана АПК 448-бабында көрсетілген лауазымды тұлғалар заңды күшіне енген сот актілерін орындауды тоқтата тұруы мүмкін.

34. ҚР Жоғарғы Сотының 2008.22.12. № 19 нормативтік қаулысымен алып тасталды

ҚР Жоғарғы Сотының 2011.30.12. № 5 нормативтік қаулысымен 35-тармақ өзгертілді, 2016.20.05. № 3 нормативтік қаулысымен 35-тармақ жаңа редакцияда

35. Апелляциялық және кассациялық саты судьясының ерекше пікірінің мазмұнын жария етуге жол берілмейді. Кассациялық сатыдағы сот осы істі қараған кезде ерекше пікірмен танысуға құқылы.

36. ҚР Жоғарғы Сотының 2007.25.12. № 12 нормативтік қаулысымен күші жойылды

37. ҚР Жоғарғы Сотының 2007.25.12. № 12 нормативтік қаулысымен күші жойылды

38. ҚР Жоғарғы Сотының 2007.25.12. № 12 нормативтік қаулысымен күші жойылды

39. ҚР Жоғарғы Сотының 2007.25.12. № 12 нормативтік қаулысымен күші жойылды

40. АПК-нің 270-бабының ұқсастығы бойынша кассациялық сатысының соты сот отырысында анықталған заң бұзушылық фактілері бойынша тиісті мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың атына жеке ұйғарым шығаруға құқылы. Олар қабылданған шаралар туралы бір ай мерзімнің ішінде сотқа хабарлауға міндетті.

41. Осы нормативтік қаулының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының Соттардың азаматтық іс жүргізу заңының кейбір нормаларын қолдануы туралы 2000 жылғы 30 маусымдағы № 9 қаулысы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылғы 30 қазандағы № 15 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге күшін жойды деп танылсын.

42. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Ж.Бәйішев

**Нормативное постановление Верховного Суда
Республики Казахстан от 20 марта 2003 года № 2
О применении судами некоторых норм гражданского
процессуального законодательства
(с изменениями и дополнениями по состоянию на 20.05.2016 г.)**

В связи с изменениями некоторых норм Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - ГПК) и необходимостью их единообразного применения в судебной практике пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

постановляет:

1. Обратить внимание судов на необходимость неукоснительного соблюдения при рассмотрении каждого гражданского дела норм материального и процессуального права в целях вынесения судебного акта (решения, определения, постановления, судебного приказа), отвечающего принципу законности и критериям справедливости и разумности.

В пункт 2 внесены изменения в соответствии с *нормативным постановлением Верховного Суда РК от 20.05.2016 г. № 3*

2. В соответствии со статьей 148 ГПК истцы обязаны в заявлениях указывать не только требования, но и подробно излагать существо нарушения или угрозу нарушения их прав, свобод и охраняемых законом интересов, обстоятельства, на которых основывают свои требования, а также доказательства, подтверждающие эти обстоятельства и требования.

Предъявляемые прокурором иски в государственных или общественных интересах либо интересах гражданина должны соответствовать требованиям, указанным в части третьей статьи 148 ГПК.

Предусмотренные статьями 151, 152, 272, 273, 277, 279 ГПК основания, по которым судом может быть отказано в принятии искового заявления, либо исковое заявление может быть возвращено заявителю или оставлено без рассмотрения, а производство по возбужденному гражданскому делу приостановлено либо прекращено, являются исчерпывающими.

3. *Исключен в соответствии с нормативным постановлением Верховного Суда РК от 30.12.2011 г. № 5*

4. *Исключен в соответствии с нормативным постановлением Верховного Суда РК от 30.12.2011 г. № 5*

В пункт 5 внесены изменения в соответствии с *нормативными постановлениями Верховного Суда РК от 30.12.2011 г. № 5, от 20.05.2016 г. № 3*

5. Заявления граждан и юридических лиц об оспаривании актов прокурорского надзора (предписание, представление, протест и т.д.), вынесенных при осуществлении надзора за соблюдением прав и свобод

человека и гражданина, интересов юридических лиц и государства, подлежат рассмотрению судами в соответствии с нормами глав 3 и 29 ГПК.

В пункт 6 внесены изменения в соответствии с нормативным постановлением Верховного Суда РК от 20.05.2016 г. № 3

6. Согласно части второй статьи 47 ГПК в предусмотренных законодательными актами случаях сторонами по делу могут быть и организации, не являющиеся юридическими лицами (например, в соответствии со статьей 286 ГПК - территориальная избирательная комиссия).

Под иностранными организациями следует понимать юридические лица (компании, фирмы, организации и т.п.), созданные в соответствии с законодательством соответствующего иностранного государства за пределами Республики Казахстан. Образованные в Республике Казахстан в соответствии с ее законодательством юридические лица, в том числе совместные предприятия и предприятия, полностью принадлежащие иностранному инвестору, иностранными организациями не являются.

В пункт 7 внесены изменения в соответствии с нормативными постановлениями Верховного Суда РК от 30.12.2011 г. № 5, от 20.05.2016 г. № 3

7. В случаях, предусмотренных подпунктами 1), 3), 4), 5) части второй статьи 34 ГПК, передача дела из производства одного суда в производство другого суда производится на основании вступившего в законную силу определения суда. Частные жалобы сторон на такие определения рассматриваются судом апелляционной инстанции.

